Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар бойынша атқарылған жұмыстар (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес ұсынылды.*) Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығында бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне, ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді.

Педагогтер ұйымдастырылған іс – әрекеттерінде адамгершілік, патриоттық тәрбие қалыптастыруда қазақ этнопедагогикасы материалдарын үнемі кіріктере отырып қолданады. Патриоттық тәрбие беру мақсатында педагогтер тәрбиенушілермен Астана қаласының тарихи және көрікті жерлеріне, музейлерге экскурсия жасау дәстүрге айналған.

Әдістемелік кабинетте оқыту және тәрбиелеу қызметіне барлық жағынан бағытталған ғылыми және балаларға арналған әдебиеттер, сонымен қатар мерзімді баспа-сөздер және әдістемелік басылымдар орын алған. Әдебиеттердің қоры педагогикалық ұжымның мақсаттары мен міндеттерінен туындай отырып, тұрақты түрде толықтырылып отырады.

МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құрылды.

№54 "Нұр - Ай" балабақшасы қажетті негізгі оқу-әдістемелік әдебиет қорымен қамтамасыз етілген.

Балабақшаның барлық топтарында мектепке дейінгі білім беру саласында нормативтік-құқықтық актілер бар, барлық жас топтары бойынша оқыту бағдарламалары, ғылыми-әдістемелік және көркем әдебиеттер бар. Педагогтар

мен тәрбиеленушілердің қармағында қазақ және орыс тілдеріндегі әдебиеттер бар. Барлық теориялық материалдар жүйеленген және әдістемелік кабинетте орналасқан.

Балалардың білім беру және тәрбие жұмысының тиімділігі үшін әдіскер кабинетінде қажетті көрнекі материал бар:

Ескертпе: мектепалды топтардағы оқу-әдістемелік кешен ата-анасының өз қаражатына ерікті негізде сатып алынған барлық балаларда бар.

Әдістемелік ұсынымдардағы 5-қосымшаға сәйкес оқу-әдістемелік кешендердің тізімі қоса берілді

Мектепке дейінгі ұйымдар үшін оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер
№54 «Нұр – Ай» балабақшасы МКҚК (2026 жылы жағдай бойынша)

№ п/п	Оқу-әдістемелік кешеннің атауы	Кіші топ (2 жастағы балалар үшін)		Ортаңғы топ (3 жастағы балалар үшін)		Ересек тобы (4 жастағы балалар үшін)		Мектепалды тобы	
		Экземпляр саны	Оның ішінде қазақ тілінде	Экземпляр саны	Оның ішінде қазақ тілінде	Экземп ляр саны	Оның ішінде қазақ тілінде	Экземп ляр саны	Оның ішінде қазақ тілінде
1	Әліппе патшалығы. Жұмыс дәптері							84	84
2	«Әріп дыбыстан сиқырлы елі»							84	84
3	Сиқырлы математика							121	121
4	Математика негіздері					113	113	121	121
5	Сауат ашу негіздері							106	106
6	Сурет салу			90	90	86	86	121	121
7	Жапсыру			58	58	72	72	106	106
8	Жаратылыстану					47	47	84	84
9	Логика			58	58	99	99	106	106
10	Сөйлеуді дамыту					47	47	106	106
11	«Жазу бояу» жұмыс дәптері					27	27		
12	Есеп кітапшасы. Жұмыс дәптері					27	27		
13	Ермексаздың сиқырлы елі							29	29
14	Құрастыру (шикула) демо. материал					5	5	16	16
15	Жапсыру (шикула) демо. материал					5	5	15	15
16	Сауат ашу (шикула) демо. мат							15	15
17	Основы грамоты							28	28
18	Развитие речи							28	28
19	Волшебная страна «Буквозвукия»							28	28
20	Жапсыру аппликация (жұмыс дәптері)							28	28

21	Рисование (жұмыс дәптері)							28	28
22	Основы математики							28	28
23	Королевство «Азбуки»							28	28
24	Волшебная страна пластилина							28	28
25	Волшебная математика							28	28
26	Әдістемелік нұсқаулар (шикула)	1	1			5	5		
27	«Қарлығаш» әдістемелік құрал 5-6 жас							6	6
28	«Тіл дамыту» әдістемелік құрал 4-5 жас					5	5		
29	Көркем әдебиет әдістемелік құрал 4-5 жас					5	5		
30	Айналамен таныстыру. 4-5 жас					5	5		
31	«Тіл дамыту» әдістемелік құрал 3-4 жас			3	2				
32	Көркем әдебиет әдістемелік құрал 3-4 жас			3	2				
33	Айналамен таныстыру 3-4 жас			3	2				
34	Тіл дамыту (көрнекілік)	1	1			5	5		
35	Қарапайым математика (көрнекілік)					5	5		
36	Айналадағы әлеммен танысу (көрнекілік)	1	1					6	6
37	Сурет салу (көрнекілік)					3	3	6	6
38	Әліппе					3	3	6	6
39	Сықырлы орман. Сауат ашу					1	1		
40	«Ғажайып буындар»							1	1
41	«Әріптер елінде»							1	1
42	«Балапан әлемі»							1	1
43	Бөбектерге арналған математика							1	1
44	Қарлығаш хрестоматия. 5-6 жас							1	1
45	Негізгі ережелер	1	1						
46	Табиғатты танып біл	1	1			1	1		
47	Қазақ этно-пед. Тәрбие	1	1			2	2		

48	Қоршаған орта мен танысу	1	1						
49	Бейнелеу өнері әдістемелік құрал	1	1			1	1		
50	Үш тілдің патшалығы	1	1						
51	Ұрпаққа аманат	1	1						
52	Сықырлы саусақтар	1	1						
53	Хрестоматия	1	1			1	1		
54	Дамытушы және ойын материалдары	1	1						
55	Аппликация					1	1		
56	«Әдептілік әдемілік»							1	1
57	«Сенің өмірің сықырлы әлем»							1	1
58	«Керек кітап»							1	1
59	«Санамақ»							1	1
60	«Сықырлы пішіндер мен сандар»							1	1
61	Сықырлы әріптер мен сөздер							1	1
62	Қанжығалы Бөгенбай							1	1
63	Арайланған Астанам							1	1
64	Астана энциклопедия							1	1
65	Художественная литература 5+							1	1
66	Ознакомление с окружающим миром							1	1
67	Аппликация							1	1
68	Конструирование							1	1
69	Развитие речи							1	1
70	Рисование							1	1
71	Лепка							1	1
72	Художественная литература							1	1
73	Біз мектепке барамыз							2	2
74	Тәрбие хрестоматиясы					1	1		

75	Жұмбақтар, мақал мәтелдер , жаңылтпаштар.							1	1
76	Салт сана білімдері.							1	1
77	Балалар өлеңдері					1	1		
78	Жануарлар туралы ертегілер			3	3	4	4	6	4
79	Қуырмаш			2	2	4	4	6	6
80	«Маугли»							1	1
81	«Жұлдыздар мен ғаламшарлар»							1	1
82	«Теңіз»							1	1
83	«Абылай және қазақ батырлары»							1	1
84	«Алдар көсе»							2	2
85	Қазақ ертегілері			8	8	14	14	2	2
86	Сарадан сарқыт	1	1			3	3	6	6
87	Бес саусақ			1	1	3	3	1	1
88	Қайда өседі,не жейді?							1	1
89	Жануарлар					1	1	2	2
90	«Адамның денесі»							1	1
91	Қыран бүркіт							1	1
92	«Мақтаншақ алма»							1	1
93	«Біз өсіп келеміз»							1	1
94	Әлем ертегілері					1	1	1	1
95	«Болыпты»							1	1
96	«Өнер табыстар»							1	1
97	«Үш аю»					1	1	1	1
98	Алладиннің шамы					1	1	1	1
99	«Өнер көзі халықта»					2	2	2	2
100	Шалқан			2	2	3	3		
101	Суретті қазақ тілі					3	3	1	1

102	Қожанасыр хикаялары					2	2		
103	Етік киген мысық			1	1	2	2	2	2
104	Сүйікті сиқырлы ертегілер			1	1	4	4		
105	5 ертегі					1	1		
106	Үйшік					1	1		
107	Түймеқыз					1	1		
108	«Абылай және қазақ батырлары»					1	1		
109	«Бақа ханзада»					1	1	1	1
110	Жан жануарлар әлемі					1	1		
111	Теңізші Синдбад					1	1		
112	Заты мен аты					1	1		
113	Қаңбақ шал					1	1		
114	Қызыл телпек					1	1	1	1
115	«Алиса ғажайыптар елінде»					1	1		
116	«Марғау»	1	1			1	1		
117	«Жасырынбақ»					1	1		
118	Жабайы қаздар							1	1
119	«Жауыз ағаш кесуші»							1	1
120	«Ұқыпсыз болғым келмейді»							2	2
121	«Рапунцель»							1	1
122	«Өрт сөндіру көлігі» кітап							1	1
123	«Менің ғажайып ертегім»	1	1						
124	«Пұшаймен Федора»	1	1						
125	«Ақылды ертегілер»							1	1
126	«Жолбарыс пен тышқан»								
127	«Үш апельсин»							1	1
128	«Бауырсақ»							1	1

129	«Қолғап»							1	1
130	«Қарлығаш пен дәуіт»							1	1
131	«Әуесқой Марғау» ертегі					1	1		
132	«Кішкентай маймыл» ертегі					1	1		

№54 «Нұр-Ай» балабақшасының меңгерушісі:



M.B. Bakitova

М.Б.Бакитова

II – ТАРАУ

ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ БІЛІМДЕРІН БАҒАЛАУ

Астана қаласы әкімдігінің №54 «Нұр-Ай» балабақшасының 2025-2026 оқу жылындағы барлық топ тәрбиеленушілерінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын бойынша аналитикалық анықтама (%)

2025–2026 оқу жылының соңында балабақша тәрбиеленушілерінің меңгерген білім, білік, дағдылары мен негізгі құзыреттіліктерінің даму деңгейіне мониторинг жүргізілді. Мониторинг нәтижелері физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, шығармашылық және зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру бағыттары бойынша талданды.

Кіші топ тәрбиеленушілерінің нәтижелері бойынша орта деңгейдегі көрсеткіштердің басым екендігі байқалады. Балалардың негізгі бөлігі коммуникативтік және танымдық дағдыларды меңгеруде тұрақты нәтижелер көрсеткен. Жоғары деңгейдегі көрсеткіштер қалыптасу кезеңінде болғанымен, төмен деңгейдегі тәрбиеленушілердің үлесі әлі де кездеседі. Бұл балалармен жеке және шағын топтық жұмыстарды жалғастыру қажеттігін көрсетеді.

Дағдылар	Жоғары	Орташа	Төмен
Физикалық қасиеттерді дамыту	15	47	15
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	38,775	39,375	21,85
Танымдық және зияткерлік дағдылар	30	55	15
Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті	34,8	31,2	34
Әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар	50	30	20

Ортаңғы топта жоғары деңгейдегі көрсеткіштердің айтарлықтай артқаны байқалады. Физикалық даму, коммуникативтік және танымдық дағдылар бағыттары бойынша тәрбиеленушілердің басым бөлігі жоғары және орта деңгейлерде нәтижелер

көрсеткен. Төмен деңгейдегі балалар саны азайған, бұл педагогтердің жүйелі жұмысының нәтижесін көрсетеді.

Дағдылар	Жоғары	Орташа	Төмен
Физикалық қасиеттерді дамыту	73	23,66667	3,333333
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	55,4	37,97778	6,622222
Танымдық және зияткерлік дағдылар	61	35,33333	3,666667
Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті	55,34667	40,22667	4,426667
Әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар	66	29,66667	4,333333

Ересек топ тәрбиеленушілерінің нәтижелері жоғары деңгейде қалыптасқан. Барлық білім беру салалары бойынша жоғары көрсеткіштер басым. Әсіресе физикалық даму, шығармашылық қабілеттер және әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттер бойынша балалардың жетістіктері жақсы деңгейде анықталды. Төмен деңгей көрсеткіштері өте төмен .

Дағдылар	Жоғары	Орташа	Төмен
Физикалық қасиеттерді дамыту	80	17	3
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	64,4	31,7	3,9
Танымдық және зияткерлік дағдылар	69,1	28	2,9
Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті	75,5	22,5	2
Әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар	76,2	21,8	2

Мектепалды топтарында жоғары деңгейдегі көрсеткіштер ең жоғары нәтижені көрсетті. Балалардың басым көпшілігі мектепке дайындық талаптарына сәйкес білім, білік және дағдыларды меңгерген. Коммуникативтік, танымдық және әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттерінің қалыптасу деңгейі жоғары. Бұл балалардың мектепке сапалы дайындалғанын

дәлелдейді.

Дағдылар	Жоғары	Орташа	Төмен
Физикалық қасиеттерді дамыту	81,2	18,1	0,7
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	77,3	19,5	3,2
Танымдық және зияткерлік дағдылар	81,4	16,9	1,7
Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті	84,3	14,4	1,3
Әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар	85,1	13,6	1,3


Жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша балабақша тәрбиеленушілерінің даму динамикасы оң нәтижелер көрсеткен. Оқу жылы барысында барлық жас ерекшелік топтарында жоғары деңгейдегі көрсеткіштердің өсуі және төмен деңгейдегі көрсеткіштердің азаюы байқалды. Педагогтердің білім беру қызметін тиімді ұйымдастыруы, дамытушы ортаның сапалы құрылуы және ата-аналармен бірлескен жұмыс балалардың жан-жақты дамуына ықпал етті.

Дамыту бағыты	Жоғары деңгей (сандық)	Орта деңгей (сандық)	Төмен деңгей (сандық)	Жоғары деңгей (%)	Сапалық қорытынды
Физикалық қасиеттерді дамыту	1141,01	307,74	28,25	77,3%	Балалардың басым көпшілігі физикалық даму бойынша жоғары нәтижеге жеткен.
Коммуникативтік дағдылар	1035,96	393,43	70,54	69,1%	Қарым-қатынас дағдылары жақсы қалыптасқан, бірақ кейбір балалармен қосымша жұмыс қажет.
Танымдық және зияткерлік дағдылар	1064,90	388,80	46,30	71,0%	Танымдық белсенділік жоғары деңгейде, оқу әрекетіне қызығушылық қалыптасқан.
Шығармашылық дағдылар	1066,20	360,78	72,98	71,1%	Балалардың шығармашылық қабілеттері жақсы дамыған, төмен деңгейдегі балалар үлесі аз.
Әлеуметтік-эмоционалдық даму	1107,80	337,40	54,90	73,8%	Әлеуметтік бейімделуі мен эмоцияларын басқаруы жақсы деңгейде қалыптасқан.

Ұсыныстар:

- Төмен және орта деңгейдегі тәрбиеленушілермен түзету-дамыту жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру.
- Танымдық және коммуникативтік құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған инновациялық әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану.
- Балалардың шығармашылық және зерттеушілік белсенділігін арттыру мақсатында жобалық жұмыстарды көбейту.
- Ата-аналармен ынтымақтастықты күшейтіп, отбасылық тәрбие мен балабақша жұмысының сабақтастығын қамтамасыз ету.
- Мектепалды топтарында мектепке психологиялық және әлеуметтік бейімделу жұмыстарын жалғастыру.

Қорытынды: 2025–2026 оқу жылының мониторинг нәтижелері №54 «Нұр-Ай» балабақшасында тәрбиеленушілердің негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейі жақсы екендігін және білім беру үдерісінің тиімді ұйымдастырылғанын көрсетті.



Бағаланатын кезеңге баланың даму мониторингі 2025-2026 оқу жылы.

Есеп беру №54 «Нұр-Ай» балабақшасы» МКҚК және балалардың біліктіліктері мен дағдыларының дамуын қадағалау бойынша бастапқы және аралық мониторингінің қорытындысы және шағын орталықтың балаларының біліктіліктері мен дағдыларының дамуын қадағалау бойынша бастапқы және аралық мониторингінің қорытындысы.

Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің мүдделері, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі. Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесінің тиімділігі туралы, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг жүргізіледі. Балабақшадағы Мониторинг әдіскердің тәрбиешілермен, педагог-мамандармен тығыз ынтымақтастықта жылына үш рет (бастапқы, аралық, қорытынды) жүргізіледі. Мониторинг жүргізу мақсаты аралық мониторинг нәтижелері негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының Білім беру дағдылары мазмұнын игеру және тәрбиеленушілердің құзыреттілігін дамыту деңгейін айқындау. Мониторинг объектісі балалардың жасына және күтілетін нәтижелеріне сәйкес келетін физикалық, зияткерлік және жеке дағдылары болып табылады.

Мониторинг деректері тәрбиешілердің, педагог-мамандардың жүйелі жұмысы туралы куәландырады. Педагогтар әр тәрбиеленушілердің білімін, іскерлігі мен дағдыларын объективті түрде бағалайды; олармен жұмыс істеуде жеке маршрут жасайды; ата-аналарға кеңес береді, практикалық кеңестер береді.

Мониторингтің қорытындысы:

Мониторингтің мақсаты: Мектептегі білім мен тәрбие оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнында айқындалған күтілетін нәтижелерге балалар мен педагогтің жету деңгейін бақылау бойынша мониторинг жүргізудің бірыңғай тәсілін қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын балалардың игеруін бақылау;
- балаларға жасына сәйкес біліктер мен дағдыларды игерту;
- баламен жүргізілетін жеке жұмыстың мазмұнын айқындау;
- балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін жеке және топтық жоспарлау;
- мектепке дейінгі ұйымның ұсынатын қызметінің сапасын арттыру;
- педагогтердің кәсіби шеберліктерін арттыру.

Диаграммада мектепалды топтары балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының мазмұнын игеру мониторингінің нәтижелері көрсетілген. Мониторингтің нәтижелері негізінде оқу жылында «Баланың жеке даму картасы» толтырылды.

2025-2026 оқу жылында балалардың біліктіліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша бастапқы және аралық мониторинг нәтижелері бойынша көсеткіштердің жақсарғаны байқалады.

Білім беру қызметі үлгілік бағдарламаға сәйкес жоспарлы, жүйелі жүргізіледі. Тәрбиеленушілердің бағдарлама мазмұнын нәтижелі игеруіне өткізілетін әдістер мен формалардың дұрыс таңдалып алынуыда оң нәтижесін берді. Сонымен қатар топтағы ұйымдастырылған іс-әрекеттер ұйымдастыруда келесі жағадайлар жасалған:

- қызығушылығы, ерекшеліктері және қажеттілігі ескере отырып, топта дамытушы орта құрылған;
- балалардың мүдделері ескеріліп отырады;
- қолайлы психологиялық және эмоционалдық атмосфера құрылып қолданылуда;
- балалардың логикалық ойлауын, еске сақтауын, қиялын дамытуға бағытталған күнделікті дидактикалық және сөздік ойындар ұйымдастырылып өткізілуде.

- жұмыстың тиімділігін талдау мақсатында МЖМБС қарастырылған индикаторлар жүйесін пайдалана отырып, балалардың дағдыларын дамыту диагностикасының әдістерін енгізуді жалғастыру;

- әр баланың дағдыларын дамыту деңгейін диагностикалау арқылы педагогтар қызметінің тиімділігіне мониторинг жүргізу.

Балалардың біліктері мен дағдыларын дамуын бағалау көрсеткіштері білім беру траекториясының өсу динамикасын дамытуға және түзету іс-шараларын жоспарлауға негіз болып табылады. Осы оқу жылға арналған педагогикалық процесті ұйымдастырудың басты шарты-мектеп жасына дейінгі балалардың

денсаулығын сақтау және тәрбиелеу мен білім беруді жан-жақты дамытуға ықпал ете отырып, физикалық дамуын, коммуникативті, танымдық, зияткерлік шығармашылық, эмоционалды-әлеуметтік дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру.

Х – ТАРАУ

ҚОРЫТЫНДЫ МЕН ҰСЫНЫСТАР

Астана қаласы әкімдігінің №54 «Нұр-Ай» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының өзін-өзі бағалау ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Мектепке дейінгі мекемелер үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы ретінде үнемі өзгеріп отыратын, қоғамға бейімделе алатын қабілетті баланың тұлғалық дамуына және қалыптасуына барлық жағдай жасауы қажет.

№54 «Нұр - Ай» балабақшасында тәрбиелеу-оқыту үрдісінде инновациялық технологияларын қолдана отырып, дені сау, дербес, білуге құмар, сын тұрғысынан ойлай алатын тұлға қалыптастыру. Балабақшаның алға қойған мақсаты мектепке дейінгі жастағы баланың толыққанды дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау, физикалық, психоэмоционалдық, тілдік коммуникативтік құзіреттіліктері дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Мақсатты жүзеге асырудың жолдары:

1. Денсаулық сақтау технологияларын қолданып, балалардың дене және психикалық, интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерін дамытып, заманауи сапалы тәрбие беру.

2. Мектепке дейінгі ұйымның педагог кадрларының кәсіби деңгейін көтеру және бәсекеге қабілетті озық педагогтың біліктілігін арттыру

3. Ата-аналармен тығыз ынтымақтастықты жүзеге асыру, психологиялық-педагогикалық даму мәселелерін шешуде отбасымен қарым-қатынас жүйесін дамыту.

4. Балабақша жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін материалдық техникалық базаны толықтырып, қамтамасыз етуді жалғастыру.

5. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту.

Балалардың даму мүмкіншіліктерін, денсаулық жағдайларын, қызығушылық деңгейлерін ескере отырып, дені сау, шығармашылық қабілеті зор, үйлесімді жеке тұлғаны қалыптастыру және баланың психофизиологиялық дамуы туралы мәселелер жөнінде балабақша мен отбасы арасындағы байланысты нығайту. Ұйымдастырылған іс-әрекеті кестесі ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартының оқу жоспарына және санитарлық-гигиеналық ережелеріне толық сәйкес келеді.

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі балаларды патриоттық рухта, өз жеріне деген сүйіспеншілікке, өзінің кіші Отанына деген адалдыққа, табиғатқа, жануарларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу болып табылады.

Баланы жақсылық жасауға баулитын, рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелейтін негізгі орта-отбасы болып табылады. Педагогтердің міндеті - ата-аналарға отбасында, ең алдымен, ата-бабалар қалыптастырған адамгершілік және рухани әдет-ғұрыптар мен құндылықтардың сақталуы және берілуі керек

екенін, ата-аналар балаларды тәрбиелеуге жауапты және бала үшін отбасы - бұл тәрбие негізі, адамдарға, табиғатқа деген қарым-қатынас қаланатын әлем екенін түсінуге көмектесу. Балалардың құрдастарына мейірімді қарым-қатынасын дамытуға, адамдарға деген құрмет сезімін, игі істер жасауға ұмтылысын тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлу қажет.

Осы тұжырымдаманың негізіне біліктілік көздерін, мәдениетті білетін жалпы адами және ұлттық құндылықтар мен біріктірілген тәсілдер негізінде оқу тәрбие процесін ұйымдастырудағы баланың жеке басын дамыту үлгісі жатады.

Балабақшамызда тәрбиеленушілердің жасына және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес олардың дене, интеллектуалдық дамуына қолайлы жағдайлар жасалған. Балабақшада «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды дамыту мен оқытудың заманауи тәсілдері» тақырыбы бойынша эксперименттік алаң іске қосылды. Бұл эксперименттік алаңның көздеген мақсаты - ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды табысты оқыту, дамыту, және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық қолдау жасай отыра, білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану.

Сонымен қатар балабақшамызда «Құндылыққа негізделген білім беру - балабақшада» тақырыбында алынған жоба аясында ұлттық құндылықтарды заманауи тәсілдермен ұштастыра отыра, бала бойына сіңіру мақсатында оқыту мен тәрбиелеу жұмыстары да кеңінен жүргізілуде.

Балалардың салауатты өмір салты құндылықтарын игеруіне, тәрбиеленушілердің логикалық және креативті ойлауы мен зияткерлік дамуын дамытуға ықпал ететін қосымша білім беру қызметтері ашық және жұмыс істейді.

Заттық - дамыту ортасы мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім беру салаларының мазмұнына, тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Балалардың толыққанды, құзыретті дамуына, өмірін қорғауға және денсаулығын нығайтуға ықпал етеді.

Балалармен тәрбие-білім беру жұмысы және тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара іс-қимыл мәселелерінде педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейі артты. №54 "Нұр-Ай балабақшасы" МКҚК педагогикалық кадрлармен 100% жасақталған. Кадрлар құрамы штат кестесіне сәйкес келеді. Балабақшаның барлық педагогтарының дипломға сәйкес мамандығы бойынша педагогикалық білімі бар. Педагогтардың 91,2%-ы жоғары білімді, ал 76,4%-ы педагог-сарапшы және педагог-модератор біліктілік санатына ие. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту бойынша педагогтердың жұмыс тәжірибесі зерттелді және жинақталды. Мониторинг нәтижелерін талдау балалардағы физикалық, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалдық дағдылардың қалыптасу деңгейі ІІ жартыжылдықта балабақшаның жас топтарында жалпы үлгілік оқу бағдарламасын игеру %: жоғары – 64%, орташа - 28%, төмен - 8% құрайтынын көрсетті, ал шағын орталық топтарында жоғары – 73%, орташа - 27%, төмен - 0% құрайтынын көрсетті. Жүргізілген талдау тәрбиешілердің, педагог-мамандардың жүйелі жұмысын көрсетеді. Тәрбиешілер әр баланың білімін, іскерлігі мен дағдыларын объективті түрде

бағалайды; олармен жұмыс істеуде жеке маршрут жасайды; ата-аналарға кеңес береді, практикалық кеңестер береді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін жағдайлар жасалған. Педагог-психолог, логопед, дефектолог мамандары және инклюзивті топтардың тәрбиешілері жеке даму бағдарламалары негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау жүргізеді. Тәрбие - білім беру процесіне қатысушылардың өзара қарым-қатынасы қауіпсіз, психологиялық-педагогикалық қолайлы ортаны қамтамасыз ете отырып, тәрбиені ізгілендіру және командалық тәсіл қағидаттарына негізделеді.

Күтілетін нәтижелер:

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда педагогтердің кәсіби біліктілік деңгейі сәйкестігінің болуы, әр түрлі инновациялық ойын іс-әрекетінің түрлерін меңгеру.

Денсаулық сақтау технологияларын қолданып, балалардың дене және психикалық, интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерін дамытып, заманауи сапалы тәрбие беру.

Эксперименттік, жоба жұмыстарына қатыстыру, танымдық дағдыларын кенейту, қарапайым зерттеуге қызығушылығын арттыру және табиғатта өзін ұстай білу дағдысын жетілдіру.

Білім беру қызметінің нәтижелілігі мониторинг жүйесін, білім беру және тәрбиелеу бағдарламаларын жасау және жетілдіру;

Тәрбиеленушілер мен олардың ата –аналарының сұраныстарын талдау және зерттеу мақсатында балабақшаның ақпараттық - диагностикалық қамтамасыз ету жүйесін дамыту;

Балабақшаның инновациялық қызметіне педагогтердің қатысуы үшін мотивациялық жағдайлар жасау.

Балаларды оқыту және тәрбиелеуде:

- жеке мәдениетін дамыту;
- физикалық, зияткерлік, шығармашылық әлеуетті анықтау және дамыту;
- салауатты өмір салтына басымдық беру;
- балалардың моральдық-психологиялық, физикалық және рухани денсаулығын нығайту, олардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту, әр баланың жеке басын адамгершілік және эстетикалық жетілдіру;
- балалардың дербестігі мен белсенділік деңгейін арттыру;
- балалардың әртүрлі конкурстарға, жарыстарға, көрмелерге және фестивальдерге қатысуы;
- балалардың мектепке жеке дайындығын қамтамасыз ету.

Педагогтардың кәсіби дамуында:

- кәсіби құзыреттілікті арттыру;
- педагогтер мен қызметкерлердің балаларды сапалы оқыту мен тәрбиелеуге қызығушылығы;
- педагогтардың мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік, физикалық, адамгершілік, рухани және әлеуметтік денсаулығына қол жеткізуге бағдарлануы;
- әр педагогтың жеке педагогикалық стилінің қалыптасуы;
- педагогтердің конференцияларға, конкурстарға, көрмелерге, фестивальдерге сапалы қатысуы;
- балабақша тәжірибесіне жұртшылықтың назарын аудару, оңтайлы білім беру және тәрбиелеу процесін жетілдіру үшін материалдық-техникалық мүмкіндіктерді кеңейту.

Ата-аналармен өзара ынтымақтастық жұмыс жүргізуде:

- балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде ата-аналардың құзыреттілігін жақсарту;
- ата-аналардың балалық шақтың басымдықтарын, салауатты өмір салтын тануы;
- ата-аналардың балаларды тәрбиелеу және оқыту бойынша балабақша қызметін қолдауы;
- инновациялық типке дейінгі заманауи модельді дамыту мен құруды басқаруға ата-аналардың белсенді қатысуы.

Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарының
1-қосымшасы

**Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу
бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін
бағалауға арналған өлшемшарттар**

№ п/п	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Баллдары
Жалпы сипаттағы өлшемшарттар			
1	Білім беру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін құрылтай және рұқсат беру құжаттарының болуы және олардың Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" және "Білім туралы" заңдарының талаптарына сәйкестігі	құрылтай құжаттары Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына толық сәйкес келеді құжаттар талаптарға сәйкес, алайда техникалық сипаттағы болмашы сәйкессіздіктер бар құжаттарда жекелеген сәйкессіздіктер бар (мәліметтер, қосымшалар, деректемелер бойынша) рұқсат беру құжаттары немесе құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес келмейді	5 - - -
2	Білім беру ұйымы басшысының "Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) бекітілген педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкестігі	біліктілік талаптарына сәйкес келеді; тағайындау белгіленген тәртіппен рәсімделген біліктілік талаптарына сәйкес келеді; болмашы рәсімдік сәйкессіздіктер бар жекелеген біліктілік талаптары сақталмаған біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі немесе білім беру бағдарламаларын іске асыруды басқаруда елеулі бұзушылықтардың болуы	5 - - -
3	Мектепке дейінгі ұйым түрінің "Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 503 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8390 болып тіркелген) сәйкес білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкестігі.	толық сәйкес келеді құжаттарда немесе атауында болмашы сәйкессіздіктер бар ішінара сәйкес келеді, жекелеген талаптар сақталмаған сәйкес келмейді	5 - - -
4	Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру ұйымы бекіткен жұмыс жоспарлары мен алқалы органдар отырыстары хаттамаларының болуы және олардың қызметінің: "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу	басқару құрылымы мен басқару органдарының қызметі заңнама талаптарына сәйкес келеді басқару құрылымы мен басқару органдарының қызметі заңнама талаптарына сәйкес келеді, болмашы техникалық қателіктер бар басқару құрылымы мен басқару органдарының қызметі заңнама талаптарына ішінара сәйкес, елеулі сәйкессіздіктер анықталған басқару құрылымы мен басқару органдары құрылмаған не олардың қызметі Қазақстан Республикасының	5 - - -

	тізілімінде № 5229 болып тіркелген), "Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын және оны сайлау тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15584 болып тіркелген), "Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33285 болып тіркелген), "Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20619 болып тіркелген) талаптарына сәйкестігі	заңнамасы талаптарына сәйкес келмейді	
Кадр құрамына қойылатын өлшемшарттар			
5	Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткендігін растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100%	5
		90-99%	-
		80-89%	-
		80%-дан төмен	-
6	Педагогтердің біліктілік санаты деңгейін кемінде 5 (бес) жылда бір рет (оның ішінде басшылар – кемінде 3 (үш) жылда бір рет) арттыруы немесе растауы бойынша үлесі	100%	5
		90-99%	-
		80-89%	-
		80%-дан төмен	-
7	Педагогтердің (оның ішінде басшылар мен олардың орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан кемінде 3 (үш) жылда бір рет өткен үлесінің сәйкестігі	100%	5
		90-99%	-
		80-89%	-
		80%-дан төмен	-
Тәрбиеленушілер контингентіне қойылатын өлшемшарттар			
8	"Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сәйкес балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптардың сақталуы	талаптар толық сақталған	5
		жекелеген техникалық ауытқуларға жол берілген, олар талаптардың сақталуына әсер етпейді	-
		жас топтарын қалыптастыруда жекелеген талаптар сақталмаған	-
		жас топтарын қалыптастыру талаптары сақталмаған немесе өрескел бұзушылықтар анықталған	-
9	Балалардың жасын ескере отырып, Үлгілік қағидаларға сәйкес жас топтарын қалыптастыру талаптарының сақталуы	талаптар сақталған	5
		шекті толымдылықтың сақталуына әсер етпейтін жекелеген ауытқулар	-
		жүйелі сипатқа ие емес және белгіленген нормативтердің асып кетуіне әкелмейтін жекелеген ауытқулар	-
		белгіленген толымдылықтың асып кетуі немесе талаптардың жүйелі түрде	-

		сақталмауы	
10	Ерекше білім беру қажеттіліктері (бұдан әрі – ЕББҚ) бар тәрбиеленушілер болған жағдайда, Үлгілік қағидаларға сәйкес топтарды жинақтау талаптарының сақталуы	талаптар толық сақталған жекелеген рәсімдік сәйкессіздіктер (ресімдеу, мерзімдер) балалардың құқықтарына әсер етпейтін жекелеген талаптардың толық сақталмауы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды топтарға жинақтау талаптарының сақталмауы	5 - - -
Оқу-әдістемелік жұмысқа қойылатын өлшемшарттар			
11	Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау мен іске асырудың Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі – МЖМБС), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҮОЖ), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҮОБ) талаптарына сәйкестігі	жоспарлау құжаттарының толық жиынтығының (жұмыс оқу жоспары, перспективалық жоспар, циклограммалар, жеке даму карталары) болуы; жоспарлау мен нақты қызмет арасындағы сәйкессіздіктердің болмауы құжаттардың толық жиынтығының болуы; жоспарлау мен нақты қызмет арасындағы сәйкессіздіктер тек 1–2 көрсеткіш бойынша ғана ауытқулар байқалады жоспарлау құжаттарының 1-інің болмауы немесе жоспарлау мен нақты қызмет арасындағы 3–5 көрсеткіш бойынша сәйкессіздіктердің болуы жоспарлау құжаттарының 2 және одан да көбінің болмауы немесе жоспарлау мен нақты қызмет арасындағы 5-тен астам көрсеткіш бойынша сәйкессіздіктердің болуы	5 - -
12	Күн тәртібінің сақталуы және МЖМБС көзделген балалар қызметінің түрлерін ұйымдастырудың қамтамасыз етілуі	күн тәртібінің сақталуы қамтамасыз етілген; балалар қызметінің барлық түрлері толық жүзеге асырылады міндетті қызмет түрлері сақталған, алайда болмашы ауытқулар орын алуы мүмкін МЖМБС-тың міндетті талаптарына әсер етпейтін жекелеген бұзушылықтар міндетті қызмет түрлері қамтамасыз етілмеген немесе күн тәртібі МЖМБС талаптарына сәйкес келмейді	5 - - -
13	Тәрбиеленушілердің эмоционалдық әлауқатын, жан-жақты және тұтас дамуын қамтамасыз ететін, балаларға қызмет түрлерін және бірлескен іс-әрекет қатысушыларын таңдауға мүмкіндік беретін дамытушы ортаның құрылуы	толық сәйкес келеді МЖМБС-ты іске асыруға әсер етпейтін болмашы сәйкессіздіктер МЖМБС-ты іске асыруға кедергі келтірмейтін ішінара кемшіліктер дамытушы орта баланың дамуын қамтамасыз етпейді, негізгі аймақтар қамтылмаған, қауіпсіздік талаптары орындалмаған	5 - - -
14	ЕББҚ бар балаларға, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларға білім алу үшін Үлгілік қағидаларға сәйкес арнайы жағдайлардың жасалуы	толық қамтамасыз етілген жекелеген рәсімдік сәйкессіздіктер міндетті талаптарға әсер етпейтін қамтамасыз етудің ішінара жеткіліксіздігі	5 - -

		ЕББҚ бар балаларға арналған бағдарламалар мен қолдау қарастырылмаған немесе олар үшін тиісті жағдайлар қамтамасыз етілмеген	-
15	ҮОБ мазмұнын меңгеру деңгейін айқындау бойынша мониторинг нәтижелерінің болуы	МЖМБС толық кезеңдері сақталған	5
		болмашы ауытқулар бар	-
		мониторингтің міндеттілігіне әсер етпейтін ішінара іске асыру	-
		мониторинг жүргізілмейді немесе МЖМБС талаптарына сәйкес келмейді	-
16	Жеке даму картасында бақылау нәтижелері (бастапқы, аралық, қорытынды) бойынша іс-шаралардың жүргізілуі	мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің кемінде 90%-ы дамудың барлық бағыттары бойынша күтілетін нәтижелерге қол жеткізуі қамтамасыз етіледі, алынған нәтижелер жеке даму жоспарын жоспарлауда қолданылады	5
		мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің кемінде 80-89%-ы дамудың барлық бағыттары бойынша күтілетін нәтижелерге қол жеткізуі қамтамасыз етіледі, алынған нәтижелер жеке даму жоспарын жоспарлауда қолданылады	-
		мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің кемінде 70-79%-ы дамудың барлық бағыттары бойынша күтілетін нәтижелерге қол жеткізуі қамтамасыз етіледі, алынған нәтижелер жеке даму жоспарын жоспарлауда қолданылады	-
		70%-дан төмен немесе деректердің болмауы	-
17	Оқу жылының басына қарай тәрбиеленушілерді жас топтарына ауыстыру және оларды Үлгілік қағидаларға сәйкес қалыптастыру талаптарының сақталуы	меңгеру мерзімі сақталған	5
		меңгеру мерзімін бұзбайтын жекелеген ауытқулар	-
		ұйымдастырушылық сипаттағы жекелеген ауытқулар	-
		мазмұнды меңгеру мерзімі сақталмаған (МЖМБС талаптарының бұзылуы)	-
18	Балалардың ата-аналарын (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту	ата-аналарды тарту ұйымдастырылған және жүйелі түрде жүзеге асырылады; жұмыс түрлерінің әртүрлі нысандары жүргізіледі; ата-аналардың қатысуы және өзара іс-қимыл нәтижелері құжаттамада көрсетілген	5
		ата-аналарды тарту жүзеге асырылады; жұмыс нысандары іске асырылады; ресімдеу немесе тіркеу талаптарының бұзылуы анықталған	-
		ата-аналарды тартудың жекелеген нысандары жүргізіледі; жүйелілік жоқ немесе ата-аналардың қатысуы расталмайды	-
		ата-аналарды тарту бойынша жұмыс ұйымдастырылмаған	-
Материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қойылатын өлшемшарттар			
19	Мектепке дейінгі ұйымдардың жабдықтары мен жиһазының "Мектепке дейінгі, орта білім	кемінде 90% -ы сәйкес келеді	5
		80–89% сәйкес келеді	-

	беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдыктармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) бекітілген жарақтандыру нормаларына сәйкестігі (бұдан әрі – Жарақтандыру нормалары)	70–79% сәйкес келеді	-
		жарақтандыру нормаларына сәйкес келмеуі: көрсеткіштердің 70%-дан төмен болуы немесе міндетті элементтердің болмауы	-
20	"Қазақстан Республикасының білім беру саласында қызметін жүзеге асыратын терроризм тұрғысынан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27414 болып тіркелген) сәйкес бейнебақылау жүйесінің болуы және қауіпсіздік жағдайларының сақталуы	ішкі және сыртқы бейнебақылау жүйесі жұмыс істейді, хабардар ету жүйесі бар, дабыл түймесі бар, домофон жүйесі бар, қауіпсіздік шаралары толық көлемде жүзеге асырылады	5
		бейнебақылау жүйесі және негізгі қауіпсіздік шаралары қамтамасыз етілген, болмашы сәйкессіздіктер бар (ішінара қамту, жекелеген элементтердің толық жұмыс істемеуі)	-
		бейнебақылау жүйесі немесе жекелеген қауіпсіздік шаралары ішінара іске асырылған (қамтудың шектеулі болуы, міндетті элементтердің болмауы)	-
		бейнебақылау жүйесі жоқ немесе қауіпсіздік жағдайлары қамтамасыз етілмеген	-
Оқу-әдістемелік және цифрлық ресурстарға қойылатын өлшемшарттар			
21	ҮОБ-ға сәйкес мектепалды даярлықты іске асыратын білім беру ұйымдары үшін "Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, жекелеген пәндер бойынша базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған, оның ішінде электрондық нысандағы оқу-әдістемелік кешендердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 болып тіркелген) сәйкес оқу-әдістемелік кешендердің болуы	болуы және сәйкестігі	5
		болмашы сәйкессіздіктер	-
		ішінара сәйкессіздіктер	-
		міндетті талаптардың болмауы немесе оларға сәйкес келмеуі	-
22	Жарақтандыру нормаларына сәйкес тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететін оқу және ойын материалдарының болуы	болуы және сәйкестігі	5
		болмашы сәйкессіздіктер	-
		ішінара сәйкессіздіктер	-
		МЖМБС талаптарына сәйкес келмеуі немесе олардың болмауы	-
23	Тәрбиелеу-білім беру процесінде цифрлық технологиялардың қамтамасыз етілуі және пайдаланылуы	цифрлық технологиялармен қамтамасыз етілуі, интернет желісіне қолжетімділік және цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану заңнама талаптарына сәйкес келеді	5
		цифрлық технологиялармен қамтамасыз етілуі, интернет желісіне қолжетімділік және цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану заңнама талаптарына сәйкес келеді, бірақ білім беру процесіне әсер етпейтін жекелеген сәйкессіздіктер бар (жекелеген кабинеттердің толық	-

		жабдықталмауы, интернеттің тұрақсыздығы, цифрлық білім ресурстарын эпизодтық пайдалану)	
		цифрлық технологиялармен қамтамасыз етілуі, интернет желісіне қолжетімділік немесе цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану заңнаманың жекелеген міндетті талаптарына сәйкес келмейді, бұл білім беру процесін шектейді	-
		цифрлық технологиялармен қамтамасыз етілуі, интернет желісіне қолжетімділік және цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану заңнама талаптарына сәйкес келмейді	-
24	Ресми интернет-ресурстың және edu.kz домендік аймағындағы домендік атаудың болуы	ресми интернет-ресурс жұмыс істейді, домендік атауы edu.kz аймағында тіркелген, ақпарат өзекті және заңнама талаптарына сәйкес келеді	5
		интернет-ресурс жұмыс істейді және домендік атауы edu.kz аймағында тіркелген, ақпараттың өзектілігі немесе толықтығы бойынша жекелеген сәйкессіздіктер бар	-
		интернет-ресурс бар, бірақ домендік атауы edu.kz аймағына сәйкес келмейді немесе ақпарат толық көлемде орналастырылмаған	-
		ресми интернет-ресурс жоқ	-

Барлығы 120 балл